

## Междуреченск ауылдық округінің көшелерін қайта атау туралы

Алматы облысы Іле ауданы Междуреченск ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 29 қаңтардағы № 01 шешімі. Алматы облысы Әділет департаментінде 2020 жылы 3 ақпанда № 5420 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 14-бабының 4) тармақшасына сәйкес , Междуреченск ауылдық округі халқының пікірін ескере отырып және 2019 жылғы 8 қазандағы Алматы облысының ономастикалық комиссиясының қорытындысы негізінде , Междуреченск ауылдық округінің әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Междуреченск ауылдық округінің келесі көшелері қайта аталсын:

Междуреченск ауылына қарасты "Речная" көшесі "Жібек жолы" көшесіне, "Лесная" көшесі "Атамұра" көшесіне, "Школьная" көшесі "Ыбырай Алтынсарин" көшесіне, "Комсомольская" көшесі "Мағжан Жұмабаев" көшесіне, "Алматинский" көшесі "Алматы" көшесіне, "Ворошилов" көшесі "Бауыржан Момышұлы" көшесіне, "Степная" көшесі "Ұлы Дала" көшесіне, "Восточная" көшесі "Ғабит Мүсірепов" көшесіне, "Пионерская" көшесі "Ахмет Байтұрсынұлы" көшесіне, "Красногвардейская" көшесі "Абылай хан" көшесіне, "Интернациональная" көшесі "Бейбарыс Сұлтан" көшесіне, "Фурманов" көшесі "Жәнібек хан" көшесіне, "Набережная" көшесі "Ақбұлақ" көшесіне, "Речная" көшесі "Жаяу Мұса" көшесіне, "30 лет Победы" мен "РСУЗ" көшесі "Тәуелсіздік" көшесіне, "40 лет Победы" мен "Советская" көшесі "Мұхтар Әуезов" көшесіне, "Мир" көшесі "Мәңгілік Ел" көшесіне, "К. Маркс" көшесі "Әлихан Бөкейхан" көшесіне, "Зеленая" көшесі "Шоқан Уәлиханов" көшесіне, "Шоссейная" көшесі "Дінмұхамед Қонаев" көшесіне, "Дзержинский" көшесі "Мұқағали Мақатаев" көшесіне, "Строительная" көшесі "Құрманғазы" көшесіне, "В. Ленин" көшесі "Достық" көшесіне.

Жауғашты ауылына қарасты "Центральная" көшесі "Абай" көшесіне, "Новая 1" көшесі "Достық" көшесіне, "Новая 2" көшесі "Шоқан Уәлиханов" көшесіне, "Новая 3" көшесі "Әбу Насыр әл-Фараби" көшесіне, "Новая 4" көшесі "Құрманғазы" көшесіне, "Седов" көшесі "Шәмші Қалдаяқов" көшесіне, "Набережная" көшесі "Мұхтар Әуезов" көшесіне, "Фабричная" көшесі "Талғат Бигелдинов" көшесіне, "Солнечная" көшесі "Әлия Молдағұлова" көшесіне, "Школьная" көшесі "Ыбырай Алтынсарин" көшесіне, "Калинин" көшесі "Тұрар Рысқұлов" көшесіне.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК